



Haileybury Almaty



Haileybur

Ресепшн ата-аналарына арналған
анықтамалық 2026/2027

Қош келдіңіздер!

Haileybury Almaty мектебінің Reception сыныбына қош келдіңіздер! Біз мектептегі алғашқы оқу жылының ерекше әрі маңызды кезең екенін білеміз және балаңызбен де, сізбен де жақынырақ танысуға қуаныштымыз.

Білім беру саласындағы зерттеулер ата-аналардың баланың оқуына және мектеп өміріне қатысуы оның академиялық жетістіктеріне оң әсер ететінін көрсетеді. Бұл анықтамалықтың мақсаты – ата-аналарға мектеп пен отбасының баланың білімі мен тұлғалық дамуын қалай бірлесіп қолдай алатыны туралы нұсқаулық беру.



Біздің миссиямыз:

Оқушылардың академиялық, физикалық, мәдени және әлеуметтік әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін сапалы білім беру тәжірибесін қамтамасыз ету.

Мектеп мақсаттары

1. Оқушылардың барлық қызмет салаларында төзімділік, тапқырлық, ұйымшылдық, батылдық, ізденімпаздық және рефлексия (өз ісіне талдау жасау) сияқты қасиеттерді көрсете алу қабілетін дамыту.
2. Бұл қасиеттерді ішкі және сыртқы деректер мен көрсеткіштерді қолдана отырып тұрақты түрде бағаланатын, көптеген пәндер, үйірмелік (мектептен тыс) сабақтарды, экскурсиялар мен арнайы шараларды қамтитын оқу бағдарламасы арқылы қалыптастыру.
3. Оқушыларды әдепті мінез-құлық көрсетуге ынталандыру, өз құқықтары мен міндеттерін, командалық жұмыс пен көшбасшылықтың қажеттілігін, сондай-ақ қоғамға белсенді үлес қосудың маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.
4. Мектеп мәдениеті мен қызметінде Қазақстан Республикасының және Haileybury мектептерінің дәстүрлерін, құндылықтарын, мұрасы мен мәдени әртүрлілігін көрсету.



2026/2027 оқу жылындағы қызметкерлер:

Reception мұғалімдері



RNA Натали Ахерн
(Мисс Ахерн)



Анастасия Пашнюк
(Мисс Анна)



Асем Турагалдиева
(Мисс Асем)



RSH Сара Харман
(Мисс Харман)



Жанерке Айнакулова
(Мисс Жанерке)



Алина Талипова
(Мисс Алина)



RLC Луиз Кук
(Мисс Кук)



Балнур Нуртаева
(Мисс Балнур)



Анастасия Бэнкс
(Мисс Анна)

Оқу ортасы:



Reception сыныбындағы балалар қалай оқиды және дамиды?

Reception оқу бағдарламасы балалардың қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген және мақсатты, практикалық және тәжірибеге бағытталған шараларға негізделген.

Оқыту мұқият жоспарланған ойын арқылы жүзеге асырылады, бұл Early Years Foundation Stage (EYFS – ерте дамыту) бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады.

Балаларға сыныптың әртүрлі оқу аймақтарында мұғалімнің жетекшілігімен де, өздігінен де жұмыс істеуге мүмкіндіктер беріледі.

Біздің педагогтар сабақтастық пен дәйекті дамуды қамтамасыз ету үшін әр баланың жеке даму деңгейін ескере отырып, білім беру процесін бірлесіп жоспарлайды.



Біз қалай оқимыз:

Reception-дегі білім беру ортасының негізінде жатқан тиімді оқытудың үш негізгі сипаттамасы бар.

- Ойын және зерттеу – балаларды зерттеуге, тәжірибе жасауға және жаңа нәрселерді байқап көруге ынталандырамыз.
- Шығармашылық және сыни ойлау — біз балаларды өз идеяларын қалыптастыруға және дамытуға, олардың арасындағы байланысты табуға және мақсаттарға жету стратегияларын әзірлеуге ынталандырамыз.
- Белсенді оқу – қиындықтарға қарамастан табандылық танытуға баулимыз.

Балалар нені үйренеді:

EYFS бағдарламасында оқытудың өзара байланысты жеті оқу саласы қарастырылған. Олар барлық дамып келе жатқан дағдыларды қамтиды және балаларды Ұлттық оқу бағдарламасы бойынша 1-сыныптан бастап оқитын пәндерге дайындайды. Біз әр баланы олардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес деңгейде оқытуды қамтамасыз етеміз.

7 оқу саласы:

Үш негізгі бағыт

- **Коммуникация және тілді дамыту:** тыңдау, назар аудару және түсіну, ауызекі тіл
- **Тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық даму:** өзін-өзі реттеу, өз мінез-құлқын басқару, қарым-қатынас орнату
- **Физикалық даму:** ірі моторика, ұсақ моторика

Төрт арнайы бағыт

- **Сауаттылық:** мәтінді түсіну, сөздерді оқу, жазу
- **Математика:** сандар, сандық заңдылықтар
- **Қоршаған әлемді түсіну:** өткен шақ пен осы шақ, адамдар, мәдениет және қоғамдастықтар
- **Өнер және дизайн:** әртүрлі материалдарды, қиялды және идеяларды пайдалана, жұмыс жасау

Барлық жеті оқу саласы қызықты әрі ынталандырушы білім беру бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасының қалай жүзеге асырылатыны туралы ақпарат ата-аналарға Class Dojo және iSams ата-аналар порталында беріледі. Онда апта сайынғы оқу тақырыптары сипатталады

Оқу күнінің құрылымы

Төменде апталық кестенің үлгісі келтірілген. Балаңыздың кестесі сәл өзгеше болуы мүмкін. Әр күн «circle time»-нан басталады, бұл уақытта бүкіл сыныппен жұмыс жүргізіледі, талқылаулар, әндер мен ойындар өткізіледі. «Continuous Provision»-ге көбірек уақыт бөлуге тырысамыз, себебі дәл осы кезеңде балалар ойнап, әртүрлі белсенділікпен айналыса алады, барлық білім беру салаларында оқи алады. Күн сайын фоника (оқуды үйретудің жүйелі бағдарламасы) бойынша сабақтар өтеді.

	Monday	Tuesday	Wednesday (House shirt)	Thursday	Friday
8.00-8.30	Registration/ Circle time	Registration/ Circle time	Registration/ Circle time	Registration/ Circle time <i>(House/Phase Assembly T2)</i>	Registration/ Circle time
8:30-9.00	Continuous Provision	Continuous Provision	Continuous Provision	Continuous Provision	Continuous Provision
9.00-9:30					
9:30-10.00	Phonics	Phonics	Phonics	Phonics	Phonics
10.00-10:30	Continuous Provision	Continuous Provision	Continuous Provision	Continuous Provision	CP/ Assembly T2
10:30-11:00					Kazakh
11.00-11.30	MFL	PE	Kazakh	PE	
11.30-12.00					
12.00-13.00	Lunch	Lunch	Lunch	Lunch	Lunch
13.00-13:30	Music	MFL	Circle time	Kazakh	Circle Time
13:30-14:00	Continuous Provision		Continuous Provision		CP
14.00-14.30			Story time	Library	

Оқу күнінің басталуы:

Оқу күнінің басы кейде бала мен ата-ана үшін оңай емес болуы мүмкін, сондықтан уақытты тиімді пайдалана білу өте маңызды. Балаңызды сыныпқа уақытында (таңғы сағат 7:30-дан 7:45-ке дейін) әкелу және белгіленген уақытта (14:30) алып кету қажет. Баланы алуға кешігіп жатсаңыз, Class Dojo арқылы мұғалімге хабарлаңыз. Балалар сыныпқа өз бетінше кіріп, заттарын жинап, таңғы тәртіпті сақтауы керек. Әр баланың сыртқы киімге арналған жеке ілгіші және заттарын сақтауға арналған жеке ұяшығы бар. Мектеп қақпасы сағат 8:00-де жабылғаннан кейін мектепке тек бас ресепшн арқылы ғана кіруге болады. Мектеп қақпасы 8:00-де жабылады және бүкіл оқу күні бойы жабық болады.

Оқу күнінің аяқталуы:

Reception сыныбында оқу күні сағат 14:30-да аяқталады. Күннің соңында Reception мұғалімдері балаларды ата-аналарға немесе уәкілетті ересектерге тек ата-ананың немесе уәкілетті ересектің тиісті бейджін көргеннен кейін ғана бір-бірден тапсырады. Қызметкерлердің баланы тиісті бейджі жоқ ересек адамға бере алмайды. Оқу жылының басында мұғалімдер жаңа отбасылармен танысып жатқан кезде шыдамдылық танытуларыңызды сұраймыз. Ата-аналар немесе уәкілетті ересектер баланы дер кезінде алып кетуге және оның оқу күнінің тыныш аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.



Мектептегі таңғы ас пен түскі ас



Тамақтану:

Мектеп барлық оқушыларды теңгерімді таңғы және түскі аспен қамтамасыз етеді. Мәзірде батыс, қазақ және вегетариандық тағамдар, сондай-ақ салаттар, десерттер мен жаңа піскен жемістер ұсынылады. Бірге тамақтану — мектеп мәдениетінің маңызды бөлігі. Жыл бойы мектеп қауымдастығы британдық, қазақстандық және халықаралық мерекелерді ортақ түскі аспен атап өтеді.



Таңғы ас: Reception сыныбында «ыңғайлы таңғы ас» қарастырылған — бұл балалардың өздеріне ыңғайлы уақытта, үйреншікті сынып ортасында қала отырып тамақтана алуы. Бұл тәсіл дербестікті, әлеуметтік дағдыларды және салауатты әдеттерді дамытуға ықпал етеді, балаларға өздерінің қашан қарны ашқанын және не жегісі келетінін түсінуге көмектеседі.

Түскі ас: Түскі ас кезінде балалар Reception мұғалімдерінің бақылауында болады және қажет қолдау алады. Үйден тамақ әкелуге рұқсат етілмейді, өйткені мектеп барлық диеталық талаптар мен тағамдық аллергияларды ескереді. Мектеп мәзірі ата-аналар порталында жарияланады.

Мектеп формасы

Мектеп формасын мектеп дүкенінен және «Esentai Mall» сауда орталығынан сатып алуға болады. Төмендегі кестелерде әртүрлі сынып оқушыларының жазғы және қысқы формаларына қойылатын талаптар келтірілген. Бомбер, футболка, шалбар/юбка және галстук арнайы Haileybury Almaty үшін тігілген, галстук пен бомберге Haileybury логотипі басылған. Сондай-ақ барлық оқушылар дене шынықтыру сабақтарында және спорттық шаралар кезінде әмбебап спорттық форма киюі керек.

Haileybury Almaty мектебі 4 хаусқа бөлінеді: Киплинг, Эдмонстон, Бартл Фрер және Аттли. Барлық оқушыларға мектеп дүкенінен Haileybury Almaty хаус футболкасын сатып алу қажет, ал 3-сыныптан бастап хаус галстугі де қажет болады. Галстуктың түсі оқушының хаусына байланысты болады.



Жазғы форма

I	II
Haileybury көгілдір поло-футболкасы	Haileybury көгілдір поло-футболкасы
Шолақ шалбар немесе шалбар	Жазғы көйлек немесе торкөз белдемше (тізеге дейін) немесе шалбар
Суретсіз сұр немесе қара шұлықтар	Суретсіз ақ немесе қара колготкилер немесе ақ гольфтар
Қара былғары классикалық аяқ киім	Қара былғары классикалық аяқ киім (өкшесіз)
Хаус футболкасы	Хаус футболкасы
Мектеп рюкзагі: Кіші (Reception–2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)	Мектеп рюкзагі: Кіші (Reception–2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)

Қысқы форма

I	II
Haileybury көгілдір поло-футболкасы	Haileybury көгілдір поло-футболкасы
Маджента (қою қызыл) түсті бомбер	Маджента (қою қызыл) түсті бомбер
Haileybury шалбары	Торкөз белдемше немесе Haileybury шалбары
Суретсіз сұр немесе қара шұлықтар	Суретсіз ақ немесе қара колготкилер, ақ гольфтар
Қара былғары классикалық аяқ киім	Қара былғары классикалық аяқ киім (өкшесіз)
Хаус футболкасы	Хаус футболкасы
Мектеп рюкзагі: Кіші (Reception–2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)	Мектеп рюкзагі: Кіші (Reception–2 сынып) Үлкен (3 – 6 сыныптар)



Мектеп рюкзагы



Оқушы мектепке күнде мыналарды алып келуі керек:

- Қайта пайдаланылатын бөтелке (су үшін)
- Кепка
- Қосалқы киім



Барлық заттарға баланың аты-жөні мен сыныбын жазып қоюңызды сұраймыз.

Дене шынықтыру: Балаңыздың мұғалімі сізге дене шынықтыру сабағының қашан болатынын хабарлайды. Бұл күндері балаңыз мектепке спорттық форма және кроссовка киіп келуі керек.

Хаус футболкалары: Сәрсенбі күндері хаус футболкаларын мектеп шалбарымен немесе белдемшесімен кию қажет.

Оқуға арналған папкалар: Балаңыз сыныпқа бейімделген бойда үйге оқу материалдары салынған көк түсті папка беріледі. Папка оның сөмкесінде болуы керек және бала оны әр күні сыныпқа әкелуі тиіс.

Кітапхана кітаптары: Балалар аптасына бір рет кітапханаға барып, кітап таңдайды, оны ата-анасымен бірге оқуы керек. Әңгімені, суреттерді бірге талқылай аласыз. Балалар үйге 3 кітап (1 ағылшын тілінде және 2 орыс/қазақ тілдерінде) ала алады. Жаңа кітаптарды тек алдыңғы кітаптар қайтарылған жағдайда ғана алуға болады.

Сыртқы киім: Күн суытқан кезде балаңызға тиісті сыртқы киім: қысқы бөтеңке, жылы шалбар және қолғап кигізуіңізді сұраймыз. Әрбір затқа баланың аты-жөні мен сыныбын жазып қойыңыз.



Байланыс:

Сұрақтар туындаған жағдайда алдымен сынып жетекшісіне хабарласыңыз. Жауап 24 жұмыс сағаты ішінде беріледі. Біз тезірек жауап беруге тырысамыз, бірақ Reception мұғалімдерінің жұмыс күні ішіндегі басым міндеті балалармен жұмыс істеу болып табылады.

Ережелер, процедуралар, оқу бағдарламасы туралы негізгі ақпаратты **ISAMs** ата-аналар порталынан табуға болады.

Сабақтар басталған бойда сізді **Class Dojo** жүйесіне қосылуға шақырады. Қосымшаны жүктеп алып, балаңыздың сыныбына қосылуыңыз маңызды. Мұғалімдер сізге шаралар, балаңыздың оқуы туралы ақпаратты және балаңыздың сабақтағы фотосуреттерін жүйелі түрде жіберіп тұрады.



Сабаққа қатысу

Мектебіміздің барлық оқушыларынан, Reception сыныбынан бастап, сабаққа қатысудың жоғары деңгейі талап етіледі. Мектеп әр таңда және күннің екінші жартысында сабаққа қатысуды есепке алу журналдарын толтыруға міндетті, ал оқушының келмеуі «рұқсат етілген» немесе «рұқсат етілмеген» деп тіркеледі.

Оқушының сабаққа келмеуі. Балаңыздың сабаққа келмейтінін (денсаулығына байланысты және т.б.) сынып жетекшісіне немесе сабаққа қатысуды бақылау жөніндегі маманға мүмкіндігінше таңғы сағат 8:00-ге дейін электрондық пошта мекенжайын көрсете отырып, хабарлауыңызды сұраймыз. *Егер сізден ешқандай хабарлама алмасақ, мектеп қызметкері оқушы сабаққа келмеген күні сізбен байланысады.*

Байланыс ақпаратының өзектілігін жүйелі түрде тексеріп тұруыңызды сұраймыз. Егер оқу күні ішінде балаңыз өзін жайсыз сезінсе, мектеп қызметкері сізбен байланысады.

48 сағат ережесі

Диарея және/немесе құсу балалар мен мектеп қызметкерлері арасында жиі кездеседі. Бұл симптомдар әртүрлі қоздырғыштардан, соның ішінде вирустардан, паразиттерден және бактериялардан туындауы мүмкін. Мұндай инфекциялар адамнан адамға (мысалы, жуылмаған қол арқылы), әсіресе балалар арасында оңай жұғады.

Жалпы алғанда, диарея және/немесе құсу белгілері бар балаға немесе қызметкерге симптомдар толық жойылғаннан кейін кем дегенде 48 сағат өткенге дейін («48 сағат ережесі» деп аталады)



және денсаулығы толық қалпына келгенше мектепке келмеу ұсынылады. Егер балаңыз мектепте өзін жайсыз сезінсе, біз сізден немесе шұғыл байланыс үшін көрсетілген сенімді тұлғадан баланы үйге алып кетуді сұраймыз. Бала соңғы құсу немесе диарея жағдайынан кейін 48 сағат ішінде мектепке оралмауы тиіс.

Дәрігер мен стоматологқа жазылу

Мүмкіндігінше дәрігерге сабақтан тыс уақытта жазылуыңызды сұраймыз. Сабақтан тыс уақытта жазылу мүмкін болмаса, балаңыздың мұғаліміне алдын ала хабарлауыңызды сұраймыз.

Сабақтан босату

Бастауыш мектеп директоры М. Хант-Браун оқушыларға оқу жылы ішінде сабақтардан қалуға рұқсат бермейді. Сабақтан босату туралы өтініш формасы сұраныс бойынша ресепшнде беріледі, алайда оны толтыру мектеп басшылығының сабақтан босатуға рұқсат бергенін білдірмейді.

Жалпы пайыз	Сабаққа келмеген күндер саны	Баға
100%	0 күн	Өте жақсы
97.5%	4 күн	Өте жақсы
95%	8 күн	Тамаша
90%	16 күн	Жақсы
85%	26 күн	Қанағаттанарлық
80%	34 күн	Қанағаттанарлықсыз
75%	43 күн	Нашар
70%	51 күн	Өте Нашар



2026–2027 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе

<

Баланы мектепке дайындау

Ата-аналарға арналған «Reception-ға дайын» семинарының слайдтарын қарап шығыңыз және мектептегі сабақтардың басталуы туралы, сондай-ақ өзіңізді және балаңызды қалай дайындау керектігі туралы пайдалы ақпарат алыңыз.

Балаңыз мектепке барғанда көп нәрсені үйренуі керек. Ол алғашқы бірнеше аптада дамытатын дағдылар “Мектепке дайындық” тізімінде келтірілген. Осы дағдыларды үйде жетілдіруге және Reception сыныбында оқуға дайындалуға көмектесуіңізді сұраймыз.

Мен...

- Өз атымды атай аламын
- Атымды жаза аламын
- Қарындашты дұрыс ұстай аламын
- Адам бетін сала аламын
- Ұқыпты бояй аламын
- Қолданып отырған түстерді атай аламын
- Қарапайым балалар әндерін айта аламын

Мен...

- аяқ киім мен сыртқы киімімді таба аламын
- сыртқы киімімді киіп, шеше аламын
- аяқ киімімді киіп, шеше аламын

Мен...

- қолымды жуа аламын
- қолымды кептіре аламын
- өзім дәретханаға бара аламын
- “дәретханаға барайыншы” деп мұғалімнен дәретханаға сұрана аламын.

Мен...

- кезекпен ойнай аламын
- ойыншықтарды достарыммен бөлісе аламын
- кезекпен сөйлесе аламын
- пайдаланылған ойыншықтарды жинай аламын
- Музыкаға билей аламын

Мен...

- сызық бойынша кесе аламын
- секіре, жүгіре аламын
- самокат немесе беговел тебе аламын
- кедергілер алдында тоқтап, оларды айналып өте аламын



Haileybury Almaty

www.haileybury.kz

admissions@haileyburyalmaty.kz

T: +7 (727) 355 01 00



@haileybury_almaty



@haileyburyalmaty



@haileybury_almaty



@haileyburyalmaty

Haileybury Almaty is committed to safeguarding in all aspects of education.